

2-ТАҚЫРЫП. МЕНІҢ ІШКІ ЖАН ДҮНИЕМ

Сабақтың мақсаты: адамның рухани дүниесін бағалай білу қабілетін қалыптастыру

Негізгі ұғымдар: жан дүние, руханилық, даралық, қайырымдылық, өзін-өзі жетілдіру

Сабақтың жоспары:

1. Адамның ішкі жан дүниесінің қайталанбас даралығы
2. Тұлғаның бостандығы





Жан –дегеніміз түсініксіз нәрсе. Ешкім білмейді қай жерде орналасқанын,бірақ барлығы біледі қалай ауыратынын.

А.П.Чехов

ЛЕКЦИЯНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ.


1. Адамның ішкі жан дүниесінің қайталанбас даралығы. Адам болмысының түп негіздері адамның жоғары құндылығы ретінде, барлық құндылықтарды өзіндік танудың қорытындысы ретінде:

«Мен кімін?»




«Өмірімнің мәні неде?»

«Менің негізгі құндылықтарым қандай?»,



«Өмірдің бақыты неде?»

- деген сұрақтарға қайта
оралуды талап етеді .
Бұндай құндылық «Өзін-өзі
тану» курсының әрбір
оқушысы жететін шыңға,
ойлардағы, сезімдегі,
әрекеттердегі, таза және
жоғарғы махаббатқа
жетудің нәтижесі болып
табылады.





- ◎ Мұғалім оқушысын күш жұмсаудан бас тартуға, оңды мінез-құлыққа – Жерде рухани құндылықтарды жүзеге асыруға әкелуі тиіс.
- ◎ Адам өмірінің мәні жайлы зор мәселе екендігі белгілі.

Өз бақытыңды қалай табуға болады?

- ◎ **Материалды қамтамасыздықты бақыт деп есептеуге бола ма?**
- ◎ **Оған барлық қуатыңды, күшіңді, ақылыңды, денсаулығың мен жаныңды бергенің қажет пе?**



Бақыттың мәні материалды байлықта емес, ол тек қысқа мерзімді қанағаттану сезімі екеніне, оны сақтап, көбейту үшін адамдарда мазасыздану мен қорқыныштары туындайтынына сендіру.

2



бақыт →

Байлық, →



пен қуанышқа →

3



ықпал етпейді.

- «Өзін-өзі тану» курсы жүзеге асырудың жағдайлары қазіргі заманғы білім беру дәстүрінен өзгеше. «Өзін-өзі тану» курсы адами-рухани мазмұнға толы, жалпы адамдарға тән құндылықтардың негізінде қалыптасады. **Алайда, құндылықтар мазмұнына адамның мінез бітістері, моральды ережелердің тізбегі ретінде қарауға болмайды. Адами құндылық – жалған долбар емес, ол адамда оянған руханилықтың жарығымен сәулеленуі тиіс.** Курстың қисыны өте анық байқалады: жеті құндылық сатыдан сатыға өткен сайын курстың барлық тақырыптары бойынша біртеңдеп күрделеніп отыратын мәселелерге толы. Оқытудың әрбір сатысында – «Адам-әлем» арақатынасының мәнін ашатын бірнеше мәселелер көзге түседі, олар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қайта жанданып, әркез жаңарып отырады. Әрбір сатыда студенттің психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін адамдық құндылықтарға жетудің әртүрлі деңгейлері көрінеді:

1. білімдер, мінез-құлықтың жалпыға ортақ үлгілерінің негізінде иеленеді;

қалыпты деңгей:

жеке-даралық

2. деңгей: білімдер ақиқатты, салыстырмаларды іздеу, моральды ұстанымдарды әрекеттермен, қылықтармен сәйкестікке келтірудің, идеалдардың жалғандығының немесе дұрыстығын дәлелдеудің өмірдегі адами-рухани бағдарларды қалыптастырудың нәтижесінде иеленеді;

түсіну деңгейі:

3. білімдер адамның өзін-өзі реттеуінің, өзін-өзі түсінуінің, өзін-өзі танудың негізінде, тұлғаның рухани үйлесімдікке, адами-рухани жетілу ұмтылысының негізінде иеленеді;



Тұлғаның бостандығы. Адамның ішкі жан дүниесін түсінуде аса қасиетті ұғымдардың арасында еркіндік ұғымының орны ерекше. Адамға еркіндіктің ауадай қажет екендігін барлық адамдар түсінеді және келіседі, ол керемет құндылық, байлық. Себебі, еркіндіксіз өзің бола алмайсың. өз қылықтарың үшін жауап берсмейсің, өзіңді-өзің көрсете де алмайсың.

**БІРАҚ ОСЫ ЕРКІНДІК, АЗАТТЫҚ, БОСТАНДЫҚ
ДЕГЕННІҢ ӨЗІ НЕ? ОНЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ?**



Еркіндік



Азаттық



Бостандық

Еркіндік, бостандық дегеніміз барлық нәрсеге ерік беру, рұқсат беру емес, ол ең алдымен үлкен жауапкершілік, қажеттілікті түсіну. Еркіндіктің, бостандықтың алғашқы шарты адамға таңдау мүмкіндігін беретін ақыл-ойы және жан-жақты терең білімі. Еркіндіктің мәнін түсінбейтін адамдар оны тез жоғалтып алуы мүмкін. Нағыз адамгершілікті әрекет жақсылық пен жамандықты еркін айыра алусыз мүмкін емес. Сондықтан да бүкіл этикалық жүйелер адам еркінің бостандығын мойындайды



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

- Студенттердің өздігінен дайындалуына арналған тапсырмалар:
- 1. Адам тарих ағымында (Баяндама)

